

**2022-2023 оқу жылы «№ 5 шағын орталықты орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткен
№ 4 педагогикалық кеңес хаттамасының үзіндісінен
көшірме**

Д.Қонаев ауылы

31 наурыз 2023 жыл

Барлығы – 47

Қатысқаны – 42

Қатыспағаны – 5

Себепті – 5

Күн тәртібінде

- 4. 9, 11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізудің емтихан кестесін бекіту, мемлекеттік емтихан комиссиясын тағайындау. Қорытынды аттестаттаудан босату туралы**

Тыңдалды:

Р.А.Омаров – мектеп директоры

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 10.04.2023 күнгі №88 бұйрығына сәйкес меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарында оқу сабақтары 2023 жылғы 30 мамырда аяқталатынын атап айтып кетті. 9 сыныптың білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары-2023 жылы 2-13 маусым аралығында, 11 сыныптардың білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары 2023 жылдың 5-19 маусым аралығында өтетінін ескертті. 9 және 11 сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттауды «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125бұйрығына өзгерістер енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығы басшылыққа алынатындығы түсіндірілді.

Тыңдалды:

3.Ш.Сейткасимова-оқу ісінің меңгерушісі

1. 9,11 сынып білім алушыларының қорытынды аттестаттау бойынша тапсыратын нысандары мен мерзімдеріне тоқталды.

9 сынып білім алушылары үшін:

- 1) Қазақ тілі бойынша – эссе нысанында жазбаша емтихан- жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) -2023 ж 2 маусым;
- 2) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)- 2023ж 6 маусым;

- 3) Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - 2023ж 9 маусым;
- 4) Таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет, ағылшын тілі, информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2023 ж 13 маусым.

11 сынып білім алушылары үшін:

- 1) Қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан- жазбаша 2023 ж 5 маусым;
- 2) Алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан 2023ж 8 маусым;
- 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан 2023 ж 12 маусым;
- 4) Орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау)-2023ж 9 маусым;
- 5) Таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет, ағылшын тілі, информатика) бойынша жазбаша емтихан-2023 ж 19 маусым.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгерген қазақ тілінде оқытылатын 9 «А» сыныптың таңдау бойынша ауызша емтиханға 4 оқушы география, 7 оқушы қазақ әдебиеті;
Орыс тілінде оқытылатын 9 «Б» сыныптың таңдау бойынша ауызша емтиханға 4 оқушы биология, 5 оқушы Қазақстан тарихы;

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгерген қазақ тілінде оқытылатын 11 «А» сыныптың таңдау бойынша ауызша емтиханға 3 оқушы биология, 3 оқушы дүниежүзі тарихы, 9 оқушы қазақ әдебиеті, 2 оқушы физика;
Орыс тілінде оқытылатын 11 «Б» сыныптың таңдау бойынша ауызша емтиханға 5 оқушы орыс әдебиетінен емтихан тапсырады.

9 «Б» сынып оқушысы Жолшыбек Асемайдың Жамбыл облысы білім басқармасының «Меркі ауданының ведомствоаралық психологиялық – медициналық - педагогикалық консультациясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 31.03.2023ж. күнгі №216 ДКҚ қорытындысына сәйкес және 3.04. 2026 ж. дейінгі мерзімге берілген (мүгедек бала-екінші топ) № 2689652 мүгедектігі туралы анықтаманы негізге ала отырып, 2022-2023 оқу жылында мемлекеттік қорытынды аттестаттау емтиханынан босатуын аудандық білім бөлімінен сұралсын

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. **2022-2023 оқу жылын аяқтауда** «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125бұйрығына өзгерістер енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығы басшылыққа алынсын.

2. Жалпы орта, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9,11 сынып білім алушылары төменде көрсетілген пәндерден таңдау пәні бойынша емтихан тапсырсын.
9 «А» сынып: 4 оқушы география, 7 оқушы қазақ әдебиеті;
9 «Б» сынып 4 оқушы биология, 5 оқушы Қазақстан тарихы;
11 «А» сынып 3 оқушы биология, 3 оқушы дүниежүзі тарихы, 9 оқушы қазақ әдебиеті, 2 оқушы физика;
11 «Б» сынып 5 оқушы орыс әдебиеті.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125бұйрығына өзгерістер енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығының 50,51 тармағына сәйкес 9 сынып білім алушысы Жолшыбек Асемайды қорытынды аттестаттау емтиханынан босату туралы аудандық білім бөлімінен сұралсын
4. Осы шешімнің орындалуын бақылап, қадағалау оқу ісінің орынбасары 3.Сейтқасимоваға жүктелінсін.



Педагогикалық кеңес төрағасы:

Хатшы:




Н.Б.Қасенов

Р.О.Бурибаева